

Жерлесіміз халықаралық байқауға жолдама алды

Медина Алгалиева республикалық байқаудың жеңімпазы атанды

9 сәуір күні Астана қаласында «Жарқын болашақ» Республикалық оқу орталығының ұйымдастыруымен 2022-2023 жылғы XVII Республикалық «Жарқын жұлдыз» атты өнерлі балалар байқауы болып өтті.

Біздің ауданымыздың намысын Боровской балалар өнер мектебінің «Кескіндеме» бөлімінің 4 сынып оқушысы, биылғы жылғы түлек Медина Алгалиева қорғаған болатын. 7 жанр бойынша өткізілген байқауға Медина «Көркем сурет» жанры бойынша қатысып, үздік нәтиже көрсетіп, халықаралық байқауға жолдама алды.

Анасының қызығушылығымен ұсынылған бұл байқауға суретші қыз тыңғылықты әрі үлкен жауапкершілікпен дайындалған екен. Астана қаласына жол жүретін туын-



Өнерді жанына серік еткен Мединаның бойында бірнеше қасиет тоғысқан

дыларының барлығын өзі таңдап, демалыс күндеріде мектеп қабырғасында бой көрсеткен. Өнер мектебіндегі ұстазы әрі жетекшісі Динара Айсина шәкіртінің жетіске жететініне кәміл

сенген екен.

- Бұл байқауға дайындықты наурыз айының басынан қолға алған болатынбыз. Біз тек нұсқап, бағыт - бағдар бергеніміз болмаса, суретші қызымыз барлығына өзі дайындалған еді.

Көптеген оқушылардың арасынан өзінше ерекшеленіп, дараланып тұратын Мединаның жеңістің биік тұғырынан көрінетініне еш күмәнім болмаған еді.

Биылғы жылғы біздің мектебіміздің түлегі көпке үлгі болары анық. Себебі, өзі кішкентай болса да сабағына да үлгеріп, етихандарға да дайындықты қалдырмай, байқауға да өз суреттерін салып барлығына үлгеріп жүрді. Еңбектің ақталғаны болар, оқушымыз республикалық байқаудың жеңімпазы атанды. Ендігі, алдағы уақытта болатын халықаралық конкурсқа тақымымызды қысып, сәттілік тілейміз, - дейді Динара Мұхтарқызы.

Мектеп қабырғасында да үздік шәкірттердің қатарынан табылып, оған қоса өзін жан-жақсы дамытып, түрлі-түрлі сайыстарда бағын сынап жүрген Медина үйдегі тәлім-тәрбиенің маңызы зор екенің алға тартып, қолдау көрсетіп отырған ата-анасына дән риза екенін жеткізді.

Бойыма өнер, білім, мәдениет, адамгершілік сынды қасиеттерді дарытқан ата-анама алғысым шексіз. Әр дайым өз ақыл-кеңестерін айтып үнемі қолдап, демеп отырады. Сурет салуға кішкентай кезімнен қатты қызығатынымын. Дарынды-

лығымды байқаған анам өнер мектебіне «Кескіндеме» бөліміне беріп, биыл сол мектептен түлеп ұшуға дайындалып жатырмыз. Мектеп қабырғасындағы ұстаздарым мен жетекшілеріме де дән ризамын. Бар білгендерімен бөлісіп, үнемі бізді жаңа қырымыздан дамытуға күш қуаттарын салуда. Қазіргі таңда мамыр айында Алматы қаласында өткізілетін халықаралық байқауға тыңғылықты дайындалу үстіндеміз. Үлкен жоба болғандықтан қобалжу мен уайымдау да басымырақ. Бірақ, ата-анам мен ұстаздарымның маған артықан сенімдері маған үлкен қолдау береді, - деді Медина.

«Болар бала жасынан» демекші бүгінгі біздің кішкентай кейіпкеріміздің дарындылығын ерте жастан байқап, демеу көрсетіп отырған ата-анасы мен ұстаздарына үлкен алғысымызды білдіреміз. Халықаралық байқауда жүлделі орындар қатарынан көрініп, көк аспанның биігінде самғауға тілектеспіз.

Ақжан БАЙТҮРСЫНОВА